

"Магистральдық құбырларды күзетуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 32
бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2025 жылғы 22 сәуірдегі № 164-н/қ
бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 23 сәуірде
№ 36011 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Магистральдық құбырларды күзетуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 32
бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 10849
болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Магистральдық құбыр туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 5)
тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Магистральдық құбырларды күзетуді
ұйымдастыру қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Магистральдық құбырларды күзетуді ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі –
Қағидалар) "Магистральдық құбыр туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-
бабының 5) тармақшасына сәйкес әзірленген және магистральдық құбырларды күзетуді
ұйымдастыру тәртібін айқындайды.";

2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Магистральдық құбырларды күзетуді ұйымдастыру тәртібі";

16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"16. Магистральдық құбырларды күзету кезінде қорғау, патрульдеу тәсілдерімен,
техникалық құралдарды пайдалану арқылы объектілерді күзету кезінде күзет
күштерінің мынадай нормативтері белгіленеді:

1) күзету тәсілімен объектілерді күзету кезінде:

персонал мен келушілерді өткізуге және тексеруге арналған БӨП – БӨП-те кіруді
басқарудың автоматтандырылған бақылау жүйелері болмаған кезде (рұқсат қағаздарын
қолмен тексеру тәсілінде) бір күзетшінің сағатына 50-ге дейін жеке тұлғаларды өткізуі

және кіруді басқарудың автоматтандырылған бақылау жүйелері болған кезде сағатына 100-ге дейін жеке тұлғаларды өткізуі есебімен әр БӨП-қа тәуліктік бір стационарлық күзет бекеті;

көлік құралдарын тексеруге және өткізуге арналған БӨП - қозғалыс қарқындылығы бір БӨП арқылы сағатына 10-нан 20-ға дейінгі бірліктегі көлік құралдарының өтуі кезінде әр көліктің кіруіне арналған тәуліктік бір стационарлық күзет бекеті;

жеке тұлғалар мен көлік құралдарын өткізуге және тексеруге арналған БӨП (құрамдастырылған үлгідегі) - әр БӨП-ке арналған тәуліктік екі стационарлық күзет бекеті. Құрамдастырылған үлгідегі БӨП күзетілетін объектінің дербес ерекшеліктерін, нақты қауіптер мен әрбір жеке объектіге қатысты жасалған құқыққа қайшы және өзге де әрекеттер санын талдауды ескере отырып енгізіледі;

теміржол көлігін өткізуге арналған БӨП - әр БӨП-ке арналған тәуліктік екі стационарлық күзет бекеті. Теміржол көлігін өткізуге арналған БӨП күзетілетін объектінің дербес ерекшеліктерін, нақты қауіптер мен әрбір жеке объектіге қатысты жасалған құқыққа қайшы және өзге де әрекеттер санын талдауды ескере отырып енгізіледі;

ашық алаңдағы немесе қоршалған аумақтағы оқшауланған объект не бірнеше объектілер - кіреберісте немесе ұзындығы 100 метрге дейін қозғалыс бағытында тәуліктік бір стационарлық күзет бекеті;

оқшауланған, қоршаумен жабдықталған бір немесе бірнеше объектілердің аумағы - ұзындығы 100 метрден артық, бірақ 300 метрден аспайтын қозғалыс бағытында тәуліктік бір айналма күзет бекеті;

Қысқа оқпанды қызметтік қарумен немесе зақымдау әрекеті бар оқтарымен оқпансыз қызметтік қарумен қаруандырылған күзетшінің міндеттерін орындау кезінде ұзындығы 250 метрге дейінгі қозғалыс маршрутында тәуліктік бір айналма күзет бекеті қойылады.

Бекеттік бақылау мінбелерінен бақылау арқылы объектінің күзету және қорғау бойынша күзетшінің міндеттерін орындау кезінде тәуліктік бір стационарлық бекет немесе төңіректегі участкенің периметрі бойынша бекет 400 метрге дейін (орманда - 250 метрге дейін, суда - 300 метрге дейін) белгіленеді.

Күзеттің сенімділігін арттыру үшін тәуліктік әрбір бес күзет бекетіне тәуліктік бір сақтандыру бекеті есебімен сақтандыру бекеттері енгізіледі. Күзетілетін объектінің дербес ерекшеліктерін, нақты қауіптер мен оған қатысты жасалған құқыққа қайшы және өзге де әрекеттер санын талдауды ескере отырып, бір кинологиялық бекетке төрт қызметтік итті қою есебінен кинологиялық күзет бекеттерін пайдалануға болады.

2) патрульдеу тәсілімен объектілерді күзету кезінде:

жұмылдыру тобының экіпажына бір мезгілде саны үштен аспайтын күзет жұмыскері шығарылады.

Магистральдық құбырларда құқыққа қайшы қол сұғушылықтарға жедел ден қою үшін құзетілетін объектіге жетудің қажетті есепті уақытын ескере отырып жедел ден қою топтарын пайдалануға болады. Жедел ден қою тобының экипажына бір мезгілде үш құзет жұмыскері шығарылады.

Сақтандыру іс-шараларын ұйымдастыру үшін үш жұмылдыру тобына тәуліктік бір сақтандыру бекеті есебімен сақтандыру бекеттері енгізіледі.

Магистральдық құбырлардың желілік бөлігінің объектілерінде құзеттің сенімділігін арттыру үшін бір кинологиялық бекетке төрт қызметтік итті қою есебінен кинологиялық құзет бекеттерін пайдалануға болады. Кинологиялық бекеттер саны құзетілетін объектінің дербес ерекшеліктерін, нақты қауіптер мен әрбір жеке объектіге қатысты жасалған құқыққа қайшы және өзге де әрекеттер санын талдауды ескере отырып белгіленеді.

3) техникалық құралдарды пайдаланып құзету кезінде:

техникалық құзет пульті - тәуліктік бір техникалық құзет бекеті; бейнемониторинг пульті - құзетіletіn объектіде 30 бейнекамераға дейінгі жүктеме кезінде тәуліктік бір техникалық құзет бекеті;

қоршаумен және техникалық құзет құралдарымен жабдықталған объектінің периметрі - ұзындығы 1000 метрге дейінгі участкеге тәуліктік бір техникалық бекет;

құзетіletіn объектілерден техникалық құзет құралдары іске қосылған кездегі іс-қимылдар үшін - техникалық құзет құралдарымен жабдықталған әр 30 ғимарат пен үй-жайлар үшін тәуліктік бір техникалық бекет.",

18-тармақ жана редакцияда жазылсын:

"18. Бұзушылардың рұқсатсыз басып кіруін анықтау үшін құбырдың қасақана зақымдануы немесе бұзылуы тіркелген магистральдық құбырдың желілік бөлігінің участкелері, магистральдық құбырлардың иелері белгіленген іс-қимыл жасау регламентіне сәйкес құзет қызметі субъектісінің кезекші қызметін хабарландыру арқылы құбырлар мониторингінің тиісті автоматтандырылған жұмыс орнына ақпараттық сигналдарды беруге тиісті құбырларды құзету жүйесімен немесе ағатын жерлерді табу жүйесімен жабдықталады.

Бұзушылардың заңсыз кіруін анықтау үшін магистральдық құбырлардың құзетіletіn объектілері архивтік деректерді ұзақ сақтау шартымен, бақылауды басқару жүйесіне қол жеткізуді қоса алғанда, құзет-периметрлік дабыл беру және бейнебақылау біріктілген жүйелерімен жабдықталады. Магистральдық құбырлардың иелері белгіленген іс-қимыл жасау регламентіне сәйкес құзет қызметінің субъектісі көрсетілген жүйенің тиісті автоматтандырылған жұмыс орнын пайдалана отырып объектіні құзетуді жүзеге асырады. Жекелеген участкелердің (жергілікті объектілердің) КИТҚ кешенінің құрамына құзетіletіn объекті аумағына кіруге әрекет ету туралы қатты дауыстап хабарлау және бұзушыға психологиялық әсер ету үшін күшті динамиктер мен сиреналар кіреді.

Магистральдық құбырдың меншік иесі (операторы) тарапынан күзет қызметі субъектісінің іс-қимылын бақылау жүйелері қосымша пайдаланылады. Күзет қызметі субъектісінің іс-қимылын бақылау жүйесі архивтік деректердің ұзак мерзімді сақталуы және тиісті есептерді қалыптастыра отырып жинақталған деректерге талдау жүргізу мүмкіндігімен аппараттық және бағдарламалық жасақтаманы қамтиды.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мұнай тасымалдау және өндідеу департаменті Қазақстан Республикасының Заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық реєсми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1

) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы реєсми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі

E. Аккенженов

"Келісілді"

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылым міністерлігі
"Келісілді"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
"Келісілді"
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер міністерлігі